

Елдегі селоны және агроөнеркәсіп кешенін 1996-1997 жылдары мемлекеттік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2693 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

Селоны және агроөнеркәсіп кешенін 1996-1997 жылдары мемлекеттік қолдау жөнінде қосымша шараларды қабылдау қажеттігіне байланысты қаулы етемін:

1. Елдегі селоны және агроөнеркәсіп кешенін қолдау Қазақстан Республикасында экономикалық реформаларды жүзеге асыру барысындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып саналады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) 1996 жылға арналған бюджетте аграрлық сектордағы реформалау мен экономиканы тұрақтандыру жөніндегі мақсатты бағдарламаларды жүзеге асыру үшін 10,7 миллиард теңге, оның ішінде ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қордың белсенді бөлігін қалыптастыруға - 3,58 миллиард теңге, лизингтік негізде ауыл шаруашылығын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру үшін - 0,6 миллиард теңге сомада қаржы бөлуді қарастырсын. Бұл мақсаттар үшін лизингтік қор құрсын және оны қалыптастыру, бюджет қаржыларын, банк кредиттері мен басқа да көздерді қайтарым жағдайында пайдалану тәртібін белгілейтін болсын;

2) 1996-1997 жылдары мемлекеттік бюджет қаржысы есебінен мемлекет мұқтажы үшін республиканың тауар өндірушілерінен азық-түлік сатып алуды жүзеге асырсын.

Әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері аймақтардың өзін-өзі қамтамасыз ету мақсатында жергілікті бюджеттердің қаржысын және қаржыландырудың басқа да көздерін пайдалана отырып, тауар өндірушілерден азық-түлік сатып алудың осындай түрлерін ұйымдастырсын.

3) Азия даму банкісінің бағдарламалық займының қаржысын Қазақстан Республикасының Үкіметіне агроөнеркәсіп кешенін дамыту мен реформалардың кезек күттірмейтін мұқтаждары үшін 100 миллион АҚШ доллары сомасында жіберетін болсын.

Осы займның қаржысын пайдаланудың басым бағыттары:

селода шағын және орта бизнесті дамыту, жұмыспен қамту мәселелерін шешу ;

село индустриясын, өнеркәсіптің ауылшаруашылық өнімдерін ұқсататын шағын нысандарын дамыту ;

өзінің ауыл шаруашылық машиналарын жасауды қолдау; отандық өсімдік қорғау құралдарын шығаруды ұйымдастыру болып белгіленсін ;

4) 1996-1997 жылдары халықаралық қаржы ұйымдарының басқа да займдарын елдің суару жүйелерін қайта жаңғыртуға және мелиорация шараларын жүзеге асыруға, сондай-ақ жер пайдалану құқығын тіркеу жүйесін жасауға тарту қамтамасыз етілсін;

5) село мен агроөнеркәсіп кешенінің мұқтажы үшін бөлінетін қаржының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкі Қазақ акционерлік агроөнеркәсіп банкінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне 1992-1994 жылдары бұрынғы "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясының кәсіпорындарына бөлінген негізгі қарызы бойынша 480 миллион теңге сомасындағы кредиттер жөніндегі берешектерін 1995 жылға арналған лимит шегінде мемлекеттің ішкі қарызына жатқызу жөніндегі мәселені қарап, шешетін болсын .

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аударылған, бірақ 1200 миллион теңге сомасындағы осы кредиттерді пайдаланғаны үшін өндіріп алынбаған төлемнің күшін жою жөніндегі шешім қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері :

1) 1996-1997 жылдардың ішінде әлеуметтік сала объектілерін аграрлық сектор ұйымдарынан жергілікті бюджеттердің балансына беруді аяқтасын;

2) жұмыспен қамтудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу барысында аграрлық сектордан босатылған қызметкерлерді оқыту мен қайта даярлау жөніндегі шараларды қарастырсын әрі халықтың әл-ауқаты төмен топтарының мұқтажына бөлінетін бюджет қаржысының азаюына жол берілмейтін болсын.

5. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті